

«БЕКТЕМІН»
 Е.Н.Әуелбеков атындағы
 Кс4 облыстық мамандандырылған
 мектеп-лицей-интернат
 директоры К.Ақышева
 2023 ж

«ЖАТАҚХАНА – ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ТӘТТІ ҮЙІН» тақырыбындағы 4-14 желтоқсан аралығындағы жатақхана онкүндігінің жоспары

Р/С	ӨТКІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР	МЕРЗІМІ	ФОРМАСЫ	ЖАУАПТЫ
АШЫЛУ САЛТАНАТЫ				
1	Апталықтың ашылуы	04.12.23	Жиын Сағат:08:00	7-11 тәрбиешілері
2	Кім тапқыр		Көңілді үзіліс Сағат:14:00	Б.Абдикасова
3	Қара оқы ән сал		Караоке Сағат:14:30	А.Серікбай
4	Спорт біздің серігіміз		Теннис Сағат:21:00	Түнгі тәрбиешілері Э.Төрегелдиева
ДАНАЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫ				
1	Көңілді күн	05.12.23	Флешмоб Сағат:07:00	Түнгі тәрбиешілері Э.Төрегелдиева
2	Аталар сөзі – тәрбиенің көзі		Кездесу Сағат:17:00	Н.Бекзулда

Р/С	ӨТКІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР	МЕРЗІМІ	ФОРМАСЫ	ЖАУАПТЫ
1	Апталықтың ашылуы	4.12.23 ж	Жиын	7-11 тәрбиешілері
2	Спорт біздің серігіміз	4.12.23 ж	Теннис	Түнгі тәрбиешілері Э.Төрегелдиева
3	Көңілді күн	5.12.23 ж	Флешмоб	7-11 тәрбиешілері
4	Аталар сөзі - тәрбиенің көзі	5.12.23 ж	Кездесу	10-11 тәрбиешілер
5	Салт-дәстүрімізді қастерлейік	6.12.23 ж	Шеберлік сағаты	7 сынып тәрбиешісі
6	Әке бәйтерегім - ұлым мұрагерім	6.12.23 ж	Асық ойнау	Ж.Бодыкова
7	Өзім пісірген – ас тәтті	6.12.23 ж	Шеберлік сағаты	Н.Бекзулда
8	Бір мақал ,бір тәті	7.12.23 ж	Мақалды жалғастыр	Г.Байарыстанова
9	Біз біргеміз	8.12.23 ж	Сұрақ-жауап	Түнгі тәрбиешілері Э.Төрегелдиева
10	Өзің оқы да, өзгеге ұсын!	8.12.23 ж	Кітап сыйлау	А.Абдикасова
11	Менің мүмкіндіктерім	11.12.23 ж	Көңілді үзіліс	Г.Омарова
12	Бірлігіміз жарасқан	11.12.23 ж	Тренинг	Ж.Бодыкова
13	Мен өзіме сенемін	11.12.23 ж	Тренинг	А.Қожахметова
14	Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім!	11.12.23 ж	Танымдық сабақ	Г.Омарова
15	Жақсы көңіл күй,жан азығы	12.11.23 ж	Көңілді үзіліс	Б.Молдахожаяева
16	Менің сыныбым	13.11.23 ж	Мозаика құрастыру	Г.Омарова
17	Дос болайық бәріміз	13.11.23 ж	Тренинг	А.Абдикасова
18	Сөзмерген	13.11.23 ж	Зияткерлік сайыс	Н.Бекзулда
19	Жетістікке бірге жетейік!	13.11.23 ж	Тренинг	Ж.Бодыкова
20	Бәрімізде бір мақсат	13.11.23 ж	Тренинг	А.Жиенбаева

**2023- 2024 жылғы Жатахана - жанға жайлы тәтті үйің тақырыбындағы
онкүндіктің анықтамалығы**

4.12.2023 ж. Апталықтың ашылуы.Спорт біздің серігіміз .

Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында , оқушыларды адамгершілік , кішіпейілділік тазалық,достық жақсылыққа , ұйымшылдыққа тәрбиелеу.Өз ойын еркін жеткізуге , шығармашылық пен еңбек етуге дағдыландыру . Сергіту сәті барысында оқушыларға сұрақтар қойылып, оқушылар белсенділікпен қатысты.



5.12.2023ж. Көңілді күн.

Мақсаты қарым-қатынас дағдыларын, топтық өзара әрекеттесу әдістерін дамыту,күйзелісті төмендету. Оқушылар топтық жұмыстардан кейін барлық оқушы флешмоб биін биледі.



5.12.2023 ж. Аталар сөзі тәрбиенің көзі.

Мақсаты ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу , қарттардың кеңесіне құлақ түре отырып, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу. Аталар сөзі -тәрбиенің көзі тақырыбында кездесу кеш өткізілді.



6.12.2023 ж.Салт - дәстүрімізді қастерлейік.

Оқушыларға қазақ халқының салт- дәстүрлері мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру , баланың бойына адамгершілік өсиеттерін қалыптастыру , халық өнегесін үйрету. Сабақ барысында оқушыларға сұрақ жауаптар қойылып сергіту сәті ұйымдастырылды.



6.12.2023 ж. Әке бәйтерегім - ұлым мұрагерім

Мақсаты оқушыларға ұлттық құндылықтарды дарыту ,білімді , жаңашыл тұлға қалыптастыру. Асық ату жарысын ер балалар мен Әкелер мектеп мүшелермен өткізілді.Асық ойыны қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны екендігін атап өтті.



6.12.2023 ж. Өзім пісірген -ас тәтті

Мақсаты қыз балаларға анасының өнегесін насихаттау , балаларды дұрыс тамақтануға үйрету , мектеп пен ата - анасының ынтымақтастығын қалыптастыру. Оқушылар белсенділікпен атсалысты.



7.12.2023 ж. Бір мақал , бір тәтті

Бір тәтті , бір мақал тақырыбында өткізілген іс - шараға оқушыларды белсене қатысуға шақырады. Жарысқа ұстаздар мен жатахана қызметкерлері және оқушылар қатысты. Сұрақтарға белсене қатысып, қойылған сұрақтарға жылдам жауап берді.



8.12.2023 ж. Өзін оқы да,өзгеге ұсын

Мақсаты ол- үйімізде шаң тозаң болып жатқан немесе оқылған кітаптарға екінші өмір сыйлау , оқырмандар арасында кітап оқу акциясын жүргізу , күнделікті өмірдегі әр оқырманың кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу әлемді үлкен кітапханаға айналдыру. Шара кезінде оқушылар өздері оқыған қызықты әдебиеттерімен бөлісті.



11.12.2023 ж. Менің мүнкіндіктерім

Оқушыларға адамның мүнкіндіктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Оқушыларға қазақтан шыққан ұлы ғұламалардың мол мұраларын насихаттау үшін , даналардың даналығын бағалау, қастерлей білуге тәрбиелеу.Сергіту сәтіне оқушылар белсене қатысып өз мүнкіндіктері шексіз екендігіне көз жеткізді.



11.12.2023 ж. Бірлігіміз жарасқан

Оқушылардың адамдардың бір-біріне деген сенімді қарым-қатынас жасауы туралы түсініктерін кеңейту. Өз замандастарымен сенімді қарым -қатынас құра білу қабілеттерін дамыту. Өзіне , өзгеге және қоғамға сенім білдіруге дағдыландыру.



11.12.2023 ж. Мен өзіме сенемін

Оқушылардың бойына өзіне деген сенімділігін қалыптасыру. Табандылық және жігерлілік қасиетін шындау. Жетістікке жетуге деген мақсат қалыптастыру. Өзгелерге сенім білдіру , өзара сенімділікті дамыту.



11.12.2023 ж. Тәуелсіздік тірегім , Қазақстан жүрегім ! Оқушылардың өткен тарихымызға деген ұлттық көзқарастарын қалыптастыру ,еліміздің тәуелсіздік алғалы жеткен

жетістіктермен тансытыру.Тәуелсіздіктің 32 жылдыұ құнды тарихына және маңыздылығына баға беру. Қазақ елінің рәміздерін қастерлеп , туған жерін , ата-мекеніне деген сүйіспеншілігін арттыру. Оқушының бойында өз елін сүйуге , қастерлеуге деген патриоттық сезімнің қалыптасуна ықпал ету.

12.11.2023 ж. Жақсы көңіл күй , жан азығы

Мақсаты оқушылардың психикалық көңіл - күйлерін көтеру , шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау , ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату. Оқушылар тәрбие сағатында көптеген ойындар мен тансып сұрақтарға жауап берді. Оқушылар қатысушылар мен кері байланыс орнатуы, өткізілген тәрбие сағатынан алған әсерлерімен бөлісті.



13.11.2023 ж. Менің сыныбым

Мақсаты оқушылардың ұжым, достық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. Ұжымның адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру , өзара татулықты , сыйластықты , достыққа тәрбиелеу. Сынып ұжымындағы балалар бір - біріне көмек беру , кешірімді болу сияқты қасиеттерді бойларына сіңіруге көп мүмкіндік алады.

13.11.2023 ж. Дос болайық бәріміз

Оқушыларға достың адам өміріндегі маңызды , достықтың шынайы белгісі туралы түсіндіру . Оқушыларды достыққа адал болуға , имандылыққа , сыйластыққа тәрбиелеу . Ұл бала мен қыз бала арасындағы сыйластық, достық туралы түсініктерін қалыптастыру. Инабаттылыққа, достыққа , сыйластыққа тәрбиелеу.



13.11.2023 ж. Сөзмерген

Оқушылардың бойына рухани - адамгершілік қасиеттерді ұялату , жақсы - жаман ажырата білуге , адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бір -бірімен қарым - қатынастарын жақсарту , оларды адамгершілікке , имандылыққа , шыншылдыққа мейірімділікке тәрбиелеу.



13.11.2023 ж. Бәрімізде бір мақсат

Мектеп түлектерінің ҰБТ - ға дайындығын тексере отырып , қорқыныш пен іштей қинаған сезімдерден құтылуға , адал болуға психологиялық көмек көрсете отырып, бойларына сенімділік ұялату .

